

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
26.02.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 26.02.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Мейрамбек Таймерденұлы Таймерденов мырзаға беріледі.

ТАЙМЕРДЕНОВ М.Т. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Қадірлі депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның жобасы ұсынылып отыр.

Құрметті депутаттар! Бұл заң жобасының үшінші кезеңі деп айтуға болады, өйткені сіздердің қолдауларыңызбен 2019 жылдың қаңтар және сәуір айларында осы Азаматтық процестік кодекске түзетулер түсті. Соның арқасында бүгінгі күнде біз барлық сот жүйесіндегі үлкен жүктеме мәселесін біркелкі қылып келтіріп алдық. Бұл жоба Елбасының 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауын іске асыру бағытында жасалынып жатқан шаруа.

Бүгінгі күні Елбасы және Президент тарапынан бізге қойылып отырған ең басты міндет – сот жүйесіне деген халық сенімі.

Оған қол жеткізудің тиімді жолының бірі – бүгін сіздердің алдарыңызға ұсынылып отырған түзетулер. Бұл не үшін керек?

Біріншіден, сот процесін адамдар үшін ыңғайлы, тиімді, түсінікті ету, оны заман талабына сай келтіру, соттарды артық, қажетсіз функциялардан арылту мәселесі болып отыр.

Заң жобасы үш бағыттан тұрады:

- 1) соттар жұмысының заманауи форматын енгізу;
- 2) азаматтық процестің тиімділігін арттыру;
- 3) сот ісін жүргізуді цифрландыру.

Бұл түзетулер біздің азаматтарға не береді? Бұл орынды сұрақ.

Бірінші. Соттарға айтылатын ең басты өкпе, сын – неге судья істі карағанда оның ақ-карасына тереңірек үнілмейді, неге басқа мән-жайларды зерттемеді, неге тек ұсынылған дәлелдемелерге қанағаттанып шешім шығарады?

Оған себеп – қолданыстағы Азаматтық процестік кодекстің талабы.

Кодекс бойынша судья ешбір жағдайда талап-арыз шеңберінен шықпауы тиіс. Ол міндет деп қойған. Тараптар нені талап етсе, тек сол сұрақты қарап, сол бойынша ғана шешім қабылдауы тиіс. Өз бетінше басқа мән-жайларды анықтауға, өзге дәлелдемелерді сұратуға судьяның еш құқығы жоқ. Егер біреу өзінің талабын құқықтық тұрғыдан дұрыс қоймай, ал судья оны біліп тұрып, сол тарапқа өзінің көзқарасын және заңдылықты айтып көрсету мүмкін емес. Бір сөзбен айтқанда, судьяның қолы байлаулы.

Бұл проблеманы шешудің бір ғана жолы бар, ол – судьяның процестегі рөлін түбегейлі өзгерту. Бұл мәселені сіздердің алдарыңызға қойып отырмыз. Әділ шешім қабылдау үшін ол дауды жан-жақты, бүге-шігесіне дейін түсініп анықтау қажет. Ол дегеніміз, судья процестік жағынан еркін болуы қажет. Қандай уәжді немесе дәлелдемені зерттеу керек екенін ол өзі анықтауы қажет.

Бұл біз ашып отырған жаңалық емес. Озық, дамыған елдердің соттарында бұрыннан қалыптасқан тәжірибе.

Осы түзетуді қабылдасаңыздар, істің ақиқатына жету үшін судья белсенді, ал сот процестері одан сайын жарыспалы болып, судьяның түпкілікті шешіміне, ақиқатына жетуге негіз болады.

Оған қоса жоба бойынша судьяларды қабылданған шешімдердің құқықтық салдарын тараптарға, яғни судьяның нақты іс бойынша неге бұндай шешімге келгендігін тараптарға процестен кейін түсіндіруді, яғни жеткізуді міндеттеу. Қолданыстағы Азаматтық процестік кодексте бұл мәселе жоқ. Осы түзетулер қабылданса, істің ақиқатына жету үшін судья белсенді, ал сот процесінде одан сайын жарыспалы болады.

Оған қоса жоба бойынша судьялардың қабылдаған шешімдерінің заңдылығына баға береміз.

Екінші бағыт. Бұл сот жүйесіндегі әлемдік тренд, яғни азаматтық процесс адамдар үшін оңай, түсінікті, ыңғайлы болу керек. Бұл уақыт талабы. Адамдар да бізден дауларының шұғыл шешілуін күтеді. Бұл мәселеде үлкен наразылықтар бар.

Көптеген дамыған елдерде ауызша сот ісін жүргізу жазбаша процестермен алмастырылып жатыр.

Сондықтан оңайлатылған тәртіппен жүргізілетін істер бойынша біз талап қоюшы бағасын көтеруді ұсынып отырмыз. Атап айтқанда, қазіргі заң талабына сәйкес біз жеке тұлғаларға 200 айлық есептік көрсеткіштен 1 мың айлық есептік көрсеткішке дейін көтерейік деп отырмыз. Ал заңды тұлғаларға 700 айлық есептік көрсеткіштен 2 мың айлық есептік көрсеткішке дейін көтермекшіміз. Бұл нені білдіреді? Бұл қолданыстағы Азаматтық процестік кодекстегі қойып отырған талап-арыздың деңгейі 200 айлық есептік көрсеткіш. Егер осы заң жобасы қабылданатын болса, ол 1 мыңға дейін немесе

2 мыңға дейін болады. Өйткені бүгінгі күні сот өндірісінде ондай істер бар, каралып жатыр. Ол іс бойынша сараптамалар жасаудың, мамандарды шақырудың қажеті жоқ, яғни оңайлатылған дәрежеде қарауға мүмкіндік бар.

Аталған ұсынысты қолдасаңыздар, бұл 30 мыңға жуық істі тездетіп қарауға мүмкіндік болады.

Келесі мәселе. Қолданыстағы азаматтық процестік заңнамадан жеті сот ұйғарымын алып тастауды ұсынамыз. Неге? Құрметті депутат мырзалар, бүгінгі күнде судья өзінің өндірісіне істі қабылдағаннан бастап сот шешімін шығарғанға дейін әр деңгейде әр істің ауыртпалығы мен санатына байланысты 14-тен 22 ұйғарымға дейін шығарады екен. Бүгінгі күнде біз жеті ұйғарымды алып тастағымыз келіп отыр. Жұмыс тобының отырыстарында депутаттардан екі ұсыныс болды, сонымен біз тоғыз ұйғарымды алып тастағымыз келеді. Осы ұйғарымдарды алып тастаудың қажеттілігі неде деген сұрақ туындауы мүмкін. Қажеттілігінің жоқтығы бір-ақ мәселеде, яғни қағаз жүзінде ұйғарым керек. Мысалы, сот процесінде екі тарап қай соттың қарауына жіберу мәселесін нақты қойса, судья ол мәселені қолданыстағы заң бойынша шеше алмайды, яғни ол ұйғарым шығару керек. Ол ұйғарымды шығару үшін екі тарапты да сот процесіне алып келу керек. Сот процесіне ол тараптардың келуінің қажеті жоқ, олар арыздарын жазбаша беріп отыр. Және ол ұйғарым шыққаннан күшіне ену керек, яғни оған 10 тәулік керек. Бүгінгі күні істің жедел қарауына осындай ұйғарымдар кедергілер келтіріп отыр. Сондықтан біз жеті ұйғарымды алып тастамақшымыз. Бұл актілердің қағаз санын көбейткеннен басқа еш маңызы жоқ. Оларды алып тастағаннан сот процесіне ешқандай нұқсан келмейді, керісінше, бұл аралық құжаттар процесті күрделілендіріп, істерді тезірек қарауға зиянын келтіреді. Оның үстіне қазіргі соттарда хат алмасу 100 пайыз автоматтандырылған. Бүгінде қабылданған шешімдер төрелік арқылы сот жүйесіне енгізіліп отырады.

Тағы бір ұсыныс. Азаматтық істерді бірінші сот сатысында қарау барысында судья шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне баруы қажет. Заңда солай көрсетілген. Сот тәжірибесінде оған байланысты қоғамда сұрақтар көп туындап жатыр. Яғни, судья жалғыз өзі бірінші сатыдағы сотта шешім қабылдауға кеңесу бөлмесіне кетеді. Сонда кеңесу бөлмесінде ол кіммен кеңеседі? Басшыларға тікелей хабарласа ма, басшымен кеңесе ме деген сұрақтар туады. Біз кеңесу бөлмесіне судьяның бейтарап жалғыз өзінің кетуі дұрыс емес деп отырмыз, сондықтан осы мәселені алып тастағымыз келіп отыр. Қолданыстағы заңнама бойынша тараптар істерді қарау жөнінде өтініш берсе ғана осы мәселені қарауымыз керек. Және шешім қабылдаудың құпиясы, сөзсіз, сақталуы қажет. Бірақ ол үшін арнаулы кеңесу бөлмесіне барудың қажеті жоқ.

Қолданыстағы заңнама бойынша тараптар істі дереу қарау жөнінде өтініш берсе де, судья жедел шешім қабылдай алмайды.

Үшінші маңызды бағыт – сот төрелігін цифрландыру. Өздеріңіз білесіздер, бұл салада бізде біраз шаралар атқарылуда. Соттарға бүгіндері

түсіп отырған барлық талап-арыздардың 70 пайызы электрондық жүйеде қабылданып жатыр.

Бұл үрдіс болашақта да жалғасын табады деп ойлаймын.

Ұсынысымыз – бұйрық тәртібімен және оңайлатылған тәртіпте қаралған істер бойынша тараптарды сот отырысына шақырмай-ақ, электрондық форматта қарау. Ал тараптардан шағым түскен кезде бұндай мәселелерді тікелей өздерінің қатысуымен қарауды қарастырып отырмыз.

Талап қою тәртібімен қаралатын азаматтық даулар бойынша электрондық форматты сот тараптардың пікірлерін ескеріп қолдана алады.

Заң жобасында сотқа қатысушыларға қолайлы жағдай туғызатын басқа да нормалар бар. Мысалы, электронды хаттама енгізу, сот процестеріне қашықтықтан, яғни әлемнің кез келген жерінен интернет арқылы қатысу. 2019 жылы мұндай тәртіппен 6 мыңнан астам істер қаралды. Бүгінгі күнде аудандарда, ауылдарда, ауданның орталығында, облыстардан арақашықтығы 500-600 шақырым, мысалы, сол аудандағы азамат орталыққа келуі керек, ісі кассациялық тәртіпте Жоғарғы Сотта қаралған кезде бұл көп қиындық тудырады, бірінші – қаражат, екінші – уақыт. Сондықтан бүгінгі күні азаматтардың өз ауданындағы сотқа келіп, онлайн-режимде сот процесіне қатысып, өзінің сұрақтарын қойып, уәждерін қарауға мүмкіндігі болып отыр. Енді талап қоюшы тәртібі мен қаралған азаматтық даулар бойынша электрондық формат сот тарапынан пікірлерін ескеріп қолдана алады.

Электрондық хаттама енгізу. Сот процесінде электрондық гаджеттер, басқа да техникалық құралдар қазір қолданылып жатыр.

Ұсынылып отырған заң жобасында, құрметті депутат мырзалар, Германия, Англия, АҚШ, Сингапур, Канада сияқты үлкен дамыған мемлекеттердің азаматтық процестік заңнама саласындағы жетістіктері ескеріліп отыр.

Жоба еліміздің құқықтық, әлеуметтік, экономикалық дамуына ешқандай кері әсерін тигізбейді және қосымша қаржыландыруды талап етпейді.

Құрметті депутат мырзалар! Ұсынылып отырған заң жобасын бірінші оқылымда қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Дулатбеков Нұрлан Орынбасарұлына беріледі.

ДУЛАТБЕКОВ Н.О. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен әріптестерімді осы заң жобасын қолдауға шақырамын.

Құрметті Мейрамбек Таймерденұлы! Сот жүйесінде цифрландыру мәселесі жүргізіліп жатыр, төрелік жүйесі жұмыс істеуде. Осы заң жобасында істі бұйрық арқылы және оңайлатылған іс жүргізу бойынша қағаз жүзіндегі форматтан электрондық форматқа көшіру ұсынылып отыр. Бұл жерде, меніңше, үлкен проблема бар. Барлық халықтың мүмкіншілігі соттардың материалдық базасына сәйкес келмеуі мүмкін. Заманауи техникалар және технологиялар барлығында жоқ. Оның үстіне интернет те барлық жерде қолжетімді емес немесе олардың күштері аз. Мәселен, Қызылорда қаласында

бұл проблема емес, ал шалғай жатқан Қармақшы ауылында ол проблема болады. Осыған байланысты менде бір сұрақ бар.

Біз сот ісін толығымен электрондық форматқа көшіру техникалық тұрғыдан проблемаларға әкеп соқтыратын сияқты. Соның салдарынан азаматтар сот төрелігіне қол жеткізуге шектелуі мүмкін. Осы проблеманы қалай шешуге болады?

ТАЙМЕРДЕНОВ М.Т. Сұрағыңызға рақмет.

Біріншіден, депутат мырзалар, сіздерге үлкен рақмет, былтыр өздеріңіздің қолдауларыңызбен Жоғарғы Сотта осы жұмысты цифрландыру үшін 2020 – 2021 жылдарға 2,5 миллиард қарастырдыңыздар. Яғни, 2020 жылы 1 миллиард 200 миллион бөлініп, бүгінгі күнде цифрландыру үшін электрондық жүйені дамыту мәселесін Қаржы министрлігі өткізіп жатыр. Бұл заң 2021 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енетін болса, біз 2021 жылға дейін 1 мың 400 сот залының азаматтық істерді қарайтын 700 сот залын электрондық жүйеге енгізбекшіміз. Мен техникалық жағын айтып отырмын.

Екіншіден, жаңа өзіңіз айтып кеткендей, шалғайдағы өңірлердегі жағдай. Біз бұл мәселе бойынша барлық өңірдегі соттардың жағдайын қарап отырмыз. Және бұл мәселе осы жобаға жайдан-жай енгізіліп отырған жоқ. Осы істерді қарап жатқан бірінші тараптағы, бірінші сатыдағы соттарда болып жатқан қиындықтар жөнінде, істерді қарау бойынша пікірлерін, ұсыныстарын ескере отырып осы заң жобасына енгізіп отырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Асхат Елубайұлы Оразбек. Қосатыныңыз бар ма?

ОРАЗБЕК А.Е. Қазіргі уақытта біз территориямыздың 88 пайызын кең жолақты интернетпен қамтамасыз еттік. Проблемалар жоқ.

ТӨРАҒА. Проблемалар жоқ дейсіз.

ОРАЗБЕК А.Е. Аудандарда сапасы онша емес. Примерно с 2023 года мы постараемся обеспечить качество связи на уровнях 3G, 4G.

ТӨРАҒА. Сіздің алдыңызда жұмыс істеген вице-министр келіп 2023 жылы деген, содан кейін келген әріптесіңіз 2025 жылы деді, енді өзіңіз 2028 жылы дейсіз.

ОРАЗБЕК А.Е. 2023 жылы.

ТӨРАҒА. 2023 жылы ма? Кешіріңіз. 2023 жылы 100 пайыз. Мейрамбек Таймерденұлының айтқанын естідіңіз, сот жүйесі дайын болады, енді техникалық проблема болмауы керек. Ол жағы сіздердің жауапкершіліктеріңізде.

ОРАЗБЕК А.Е. Иә.

ТӨРАҒА. Келістік.

Сөз депутат Қожахметов Арман Төлешұлына беріледі.

ҚОЖАХМЕТОВ А.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Уважаемый Мейрамбек Таймерденович! Как Вы уже отметили в своем докладе, действующий Гражданский процессуальный кодекс предполагает, что каждая из сторон, заявляющих свои исковые требования в суде, самостоятельно доказывает, предоставляет соответствующие доказательства

своей позиции. Суд пассивен. Руководствуясь принципом состязательности и равноправия сторон, он не собирает доказательств, выслушивает стороны и принимает решение. Законопроектом же предусматривается значительная активизация роли суда в процессе. Вы отметили, что это мировой тренд. В частности, предполагается, что суду будет предоставлено право самостоятельно собирать доказательства, давать им оценку, высказывать свою позицию непосредственно сторонам по предложенным материалам.

В этой связи у меня два вопроса:

1. Скажите, пожалуйста, что это даст нашим гражданам? Нет ли здесь коррупционного риска, когда судья будет занимать позицию одной из сторон и помогать только этой стороне?

2. Готов ли наш судебный корпус к таким переменам? Спасибо.

ТАЙМЕРДЕНОВ М.Т. Спасибо.

По первому вопросу. Какую роль сыграет активность судьи? Я хочу привести один пример, уважаемые коллеги, из жизни. Практически два субъекта попали в ДТП. Сторона истца приходит в суд, ей необходимо взыскать материальный и моральный ущерб, другого вопроса нет. Это как сейчас предусмотрено в Кодексе Республики Казахстан об административных правонарушениях. Они пришли с таким иском. То есть судья не может выйти за пределы этого искового требования. Судья ограничен в возможностях выяснять обстоятельства, а у него возникают вопросы, допустим, застрахована ли эта машина, какие договорные обязательства со страховой организацией, принадлежит ли этот транспорт (источник повышенной опасности) юридическому лицу, какие правоотношения между ними и так далее. На сегодня взыскание морального вреда...

Мы считаем, что надо подходить к этим вещам комплексно. Руководство Верховного Суда требует от своих коллег, начиная с районного звена, не только разрешать гражданское дело (то есть поступило дело, в рамках гражданско-процессуального законодательства его четко рассмотреть, и все), но и решать проблему. То есть человек пришел, к его проблеме надо подойти комплексно. Сегодня судья в этом вопросе ограничен, руки связаны.

Вот наглядный пример комплексного подхода: судья озвучивает непосредственно материальную сторону, вопрос страхования, вопрос источника повышенной опасности, в рамках гражданского дела решает всю проблему, возникшую в правоотношениях между двумя субъектами.

По второму вопросу. О технической части я только что сказал. До конца года, до принятия закона, деньги выделены, Министерство финансов – оператор, оно проводит мероприятия. Думаю, обеспечение будет.

Я уверен и хочу вас заверить, что судьи готовы к этому, потому что этот законопроект уже практически год обсуждается судебным сообществом, правоохранительными органами. Мы видим необходимость в этих поправках.

Здесь очень ярок вопрос состязательности. Мы не говорим, что в судебном процессе не будет понятия состязательности. Спасибо.

ТӨРАҒА. Откровенно говоря, по сути, этот законопроект является усилением процессуальной активности судов, о чем Вы сейчас говорили.

Как сейчас происходит, коллеги? Согласно Гражданскому процессуальному кодексу у нас превалирует принцип нейтральности судов, о чем сейчас говорил Мейрамбек Таймерденович. Что это означает? Это принцип полной нейтральности, как сейчас сказал докладчик, идут их общие подходы. По этому принципу судьи работают, наверное, уже больше двух десятков лет. Откровенно говоря, не только работают, но и будущих судей по этому принципу готовят со студенческой скамьи во всех наших юридических факультетах. Поэтому у них все-таки сформировался, как правильно говорит депутат Кожахметов, стереотип поведения в ходе рассмотрения этих дел.

Как сегодня отмечалось, главная задача правосудия по защите и восстановлению нарушенных законных интересов и прав не дает судам в полной мере реализовать этот принцип. Поэтому Верховному Суду наряду со всеми государственными органами все-таки будет необходимо принять меры по изменению не только стереотипа, но и изменению психологии самих судей. Понимаете? Больше двух десятков лет они работали, этот принцип нейтральности суда был, никуда не деться, все равно из года в год, из десятилетия в десятилетие это работало.

Абсолютно правильна вторая составляющая вопроса. При этом очень важной задачей становятся подготовка наших граждан к введению этой нормы и их юридическая грамотность. Сегодня миллионы людей втянуты в судебные разбирательства, из них лишь только малая часть имеет достаточный объем юридических знаний. Какая-то часть может нанять юристов.

Поэтому очень важно и Верховному Суду, и всем остальным государственным органам провести большую, продуманную информационную работу по разъяснению этого законодательства среди населения. К этой работе, конечно, присоединимся и мы, депутатский корпус, потому что уровень юридической грамотности населения – это один из важнейших аспектов развития любого общества. Да он и характеризует развитие общества.

Поэтому очень важный вопрос – подготовка самих судей, и наших граждан к этому вопросу.

Сөз депутат Имашева Снежанна Валерьевнаға беріледі.

ИМАШЕВА С.В. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Мейрамбек Таймерденұлы! Менің сұрағым депутат Кожахметовтің сұрағының жалғасы. Заң жобасына сәйкес енді сот өз бастамасы бойынша істің нақты мән-жайларын анықтау және тараптар дәлелдерінің негізін тексеру бойынша заңмен кез келген шараларды қолдануға құқылы. Бірақ аудандық соттардың қарауында бір мезгілде 200-ге дейін іс болуы мүмкін.

Судья жүктемесінің аса көптігіне байланысты жаңа құқықты нақты қалай пайдаланады? Егер кез келген азамат судьяға жәрдемдесу туралы өтінішпен жүгінетін болса, судьяның сол азаматқа көмектесуге уақыты да,

мүмкіндігі болмаса, осындай салдар азаматтың судьяға арыз жазуына әкеп соқпай ма? Осыны түсіндіріп берсеңіз.

ТАЙМЕРДЕНОВ М.Т. Өте орынды сұрақ. Бұл сұраққа ауқымды жауап беру керек.

Бірінші. Жаңа өзіңіз айтқандай, жүктемеге көп байланысты. Жүктеме проблемасы тек Қазақстан Республикасының сот жүйесінде ғана емес, бүкіл дүние жүзіндегі сот қауымдастықтарының да басты проблемасы болып отыр. Бүгінгі күні Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы қаласы және облыс орталықтарында орналасқан соттардың жүктемесі өте көп. Бұл мәселеде сіздерге тағы да мен рақметімді айтқым келіп отыр. Былтыр қаңтарда және сәуірде қаралған заң жобасының бірінші, екінші кезеңінде біз жүктемені азайту мәселесін қойған болатынбыз, сол заңды сіздер қолдадыңыздар. Мысалы, алты айдың ішінде қаралып жатқан 4,5 миллион іс биыл 3,7 миллионға түсті, яғни азаматтық істер бойынша 2 миллион 900 мың іс қаралған болса, бүгінгі күнде бұл көрсеткіш 33 пайызға төмендеді, яғни, бұл жүктеменің төмендеуі.

Енді өтінішпен жүгіну мәселесі жөнінде. Жоғарғы Соттың жанында Заң академиясы бар. Облыс орталығында, үлкен қалаларда жүктемесі көп судьяларға, әсіресе экономикалық дауларды қарайтын судьяларға осы Заң академиясында немесе сол өңірлерде семинарлар өткізіп, заң күшіне енгенге дейін жұмысты қалай жүргізуді үйретіп жатырмыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Платонов Артур Станиславовичқа беріледі.

ПЛАТОНОВ А.С. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Вопрос представителям Министерства юстиции и Республиканской коллегии адвокатов.

Часть 2 статьи 181 действующего Гражданско-процессуального кодекса предусматривает урегулирование споров в порядке партисипативной процедуры, то есть путем проведения переговоров между сторонами при содействии адвокатов обеих сторон. Теперь же законопроект предоставляет право проведения данной процедуры также юридическим консультантам.

К примеру, в 2019 году из 70 тысяч гражданских дел, поступивших в районные суды города Нур-Султан, лишь 13 было закончено в рамках партисипативной процедуры.

В этой связи вопрос представителю Республиканской коллегии адвокатов: каковы, по Вашему мнению, причины недостаточного использования на практике возможности регулирования споров в порядке партисипативной процедуры адвокатами?

И вопрос представителю Министерства юстиции: каковы прогнозы использования партисипативной процедуры юридическими консультантами? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, вице-министр юстиции Наталья Виссарионовна Пан, затем дадим слово Республиканской коллегии адвокатов.

ПАН Н.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич. Спасибо за вопрос.

Действительно, в рамках проведенной реформы по оказанию юридической помощи юридические консультанты отнесены к лицам, которые имеют право участвовать в примирительных процедурах, в партисипативной процедуре. Юридические консультанты – лица, к которым предъявляются определенные требования по стажу, по квалификации деятельности, они должны проходить аттестацию, соблюдать правила и стандарты палаты юридических консультантов, быть практикующими юристами. В данных условиях считаем, что профессиональный уровень оказываемой помощи будет достаточно высоким.

Помимо этого у нас уже действующим законодательством и на практике граждане применяют такие процедуры досудебного урегулирования, правда, там при участии уполномоченного органа, судьи, но вот опять же, думаю, что юридические консультанты – это будет та подмога, та помощь, когда при примирительных процедурах будет достигнут достаточно хороший эффект. Мы рассчитываем, что прогнозы будут в позитивной динамике.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Председатель коллегии адвокатов Рақымова Айнаш Қадылбекқызы, пожалуйста.

РАҚЫМОВА А.Қ. Здравствуйте! Я не председатель, я исполнительный директор Республиканской коллегии адвокатов.

ТӨРАҒА. Құдай қаласа, будете, значит.

РАҚЫМОВА А.Қ. По поводу того, что адвокатами не так часто используется партисипативная процедура при урегулировании спора, нами также неоднократно ставился вопрос на своих местных собраниях, конференциях. В свое время, когда эта процедура вводилась, нами был разработан целый порядок. Мы объездили большинство наших территориальных коллегий адвокатов с тренингами, обучали адвокатов, как это на практике проводить. Это же по соглашению сторон. Если сторона не согласна на партисипативную процедуру, то адвокат, конечно, не вправе настаивать на том, чтобы их клиенты или доверители приходили к такому урегулированию спора.

В любом случае с учетом того, что Верховный Суд и мы заинтересованы в том, чтобы люди меньше обращались в суды, мы в этом году заключили меморандумы с Академией правосудия, Институтом законодательства и международным сообществом, которыми очень часто проводятся такие тренинги. Мы хотим активизировать и в этом году вовлечь как можно больше адвокатов, чтобы они эту партисипативную процедуру применяли как можно чаще. Спасибо.

ТӨРАҒА. Меморандумы, конференции... Так все-таки в чем причины недостаточного использования на практике возможностей урегулирования спора?

РАҚЫМОВА А.Қ. Мы спрашивали у адвокатов. Большая проблема в том, чтобы, во-первых, между собой два адвоката договорились и поняли, что

не нужно обращаться в суд. То есть здесь даже не стороны нужно убеждать, а самих адвокатов.

Мы проводили тренинги, объясняли: это для вас проще, вы проведете десять партисипативных процедур в месяц, чем будете с одним делом полгода в суд ходить. Пытаемся их больше вовлечь в этот институт.

Порядок проведения, методика проведения партисипативных процедур были разработаны членом Высшего Судебного Совета Раисовой Балгуль Амангельдиевной. Она лично ездила по Казахстану, проводила тренинги.

Я думаю, что работа в этом направлении будет активизирована.

ТӨРАҒА. Я сейчас вопрос задам, который, наверное, вызовет определенную реакцию. Адвокаты у вас юристы? Они же должны знать принцип по возможности урегулирования спора посредством этой процедуры адвокатами. Еще раз говорю, семинары, поездки, методики, методички, инструкции... Результат должен быть. Законодательно все изменили. Законодательно базу создали. И над тем, что этот принцип недостаточно используется на практике, вам нужно задуматься. Вы говорите, что вы их уговариваете. Не уговаривать надо, а проводить эту линию в жизнь. Хорошо. Понятно теперь, почему Вы еще не председатель.

ЗАЛДА КҮЛКІ.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жамалов Аманжан Мәкәрімұлына беріледі.

ЖАМАЛОВ А.М. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мой вопрос по расширению упрощенного (письменного) производства.

В законопроекте (статья 145 Гражданского процессуального кодекса) предлагается повысить денежный порог суммы иска для дел, рассматриваемых в порядке упрощенного производства. Если сейчас в этом порядке рассматриваются иски физических лиц до 200 МРП, то законопроект предлагает увеличить до 1000 МРП, а для юридических лиц предел суммы иска дел, рассматриваемых в упрощенном порядке, поднимается с 700 до 2000 МРП. Это сделано с целью расширения, как мы поняли, упрощенного письменного производства для разгрузки судов.

Необходимо отметить, что рассмотрение дел в упрощенном порядке производится без вызова сторон.

Скажите, пожалуйста, может ли в этом случае сторона настаивать на том, чтоб ее иск рассматривался в обычном режиме, а не в упрощенном порядке, то есть в ее присутствии? Должен ли суд удовлетворить такое ходатайство?

ТАЙМЕРДЕНОВ М.Т. Действующее законодательство также предусматривает. Мы увеличиваем сумму до 5000. Сегодня анализ показал, что сумма иска, заявленная именно по таким исковым требованиям, практически бесспорна и рассматривается. Мы сказали, что охватим более 30 тысяч дел.

Самый главный вопрос в том, как Вы сейчас сказали, если при подаче данный вопрос будет рассматриваться в электронной версии, без приглашения, то при направлении он вправе написать, что я хочу

присутствовать на данном судебном заседании, у меня есть свои дополнительные доказательства, и в этом случае суд просто обязан выполнить эти требования. Такое ходатайство обязательно подлежит удовлетворению.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Микаелян Наринэ Гамлетовнаға беріледі.

МИКАЕЛЯН Н.Г. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Сыртқы істер министрлігінің өкіліне арналады.

Басқа елдердің құқық қорғау органдары тарапынан біздің азаматтарға талап-арыз туындаған жағдайда еліміздің Сыртқы істер министрлігі оларға белсенді көмек көрсететінін біз жақсы білеміз.

Сонымен қатар шетелдерде мүліктері және активтері бар Қазақстан азаматтары өздерінің мүліктік құқықтарына байланысты басқа ел азаматтарына шағымданатыны туралы да фактілер бар.

Осындай жағдайда біздің елшіліктердің консулдық мекемелері өзіміздің азаматтарға құқықтық көмек көрсетіп отыр ма?

ТӨРАҒА. Сыртқы істер министрінің орынбасары Марат Зекенұлы Сыздықов.

СЫЗДЫҚОВ М.З. Сұрағыңызға рақмет.

Әрине, біздің азаматтардың Қазақстанның шетелдегі мекемелеріне өтініштері келіп түскен жағдайда олар міндетті түрде қарастырылады. Осы сәтте көмек шамасына қарай көрсетіледі. Бұл аталған көмектің ішіне құқықтық консультациялар және адвокат тауып беру және жергілікті билікпен әріптестік кіреді.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Сөз депутат Бектұрғанов Әбдіманап Елікбайұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Ә.Е. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Мейрамбек Таймерденұлы! Жаңа ғана менің әріптесім судьялар жүктемесінің тым көп екені, ол сот төрелігін жүргізу сапасына кері әсерін тигізетіні туралы проблеманың бар екеніне тоқталып өтті. Соңғы кезде осы проблемаларды азайту бойынша нақты шаралар да қабылданып жатыр.

Қаралып отырған заң жобасында бұл бағытта одан әрі әрекет ету ұсынылуда. Атап айтқанда, сот арқылы өндірілген ақша сомаларын индекстеу мәселесін тараптарды шақырусыз қарастыру ұсынылады. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Жоғарыда аталған мәселені тараптардың қатысуынсыз шешу қаншалықты негізді? Өйткені сот арқылы өндірілген ақша сомаларын индекстеу кезінде тараптардың өз дәлелдерін келтіруге және сот дауына қарсылық білдіруіне мүмкіндіктері болуы керек емес пе? Рақмет.

ТАЙМЕРДЕНОВ М.Т. Сұрағыңызға рақмет.

Бұны біз электрондық түрде қаралатын істердің санатына кіргізіп отырмыз. Бұл мәселеде судья нақты бір мәселені білуі керек, яғни бұл істер борышкердің сот шешімдерін орындау мәселесінің төңірегінде туындайтын талап-арыздар. Бұл талап-арыздар түскен кезде судьяға үш мәселе белгілі болу керек. Бірінші – соттың шешімі қай кезде күшіне енді. Екінші – сол шешімді

борышкер қай уақытта орындады. Үшінші – осы екі аралықта не себеп болды, соттың ұйғарымдары бар ма, яғни бұл мәселені тоқтату, болмаса бір мән-жайларға байланысты борышкерге мерзім берілгендігі. Және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің оған ставкасы бар, сол ставкаға байланысты. Бұл мәселенің бәрі бізде сот базасында электрондық жүйеде бар, яғни тараптарды шақырып оны анықтаудың қажеті жоқ. Бүгінгі күнде осы санаттағы істер қаралып жатыр, сол жерде борышкерлер өздерінің талап-арызында барлық мәселені көрсеткен, тек қана оны орындау мәселесі. Сондықтан бұл жерде, жаңа өзіңіз айтқандай, құқықтық мәселенің туындауы болмайды деп санаймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Олейник Василий Ивановичқа беріледі.

ОЛЕЙНИК В.И. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован представителям Министерства юстиции и Республиканской палаты частных судебных исполнителей.

Согласно действующему Гражданскому процессуальному кодексу исполнительный документ направляется судом для исполнения только частному судебному исполнителю, для этого необходимо заявление взыскателя. Законопроектом же предлагается исполнительный документ также направлять и в региональную палату частных судебных исполнителей, которая затем направляет данный документ частному судебному исполнителю. Таким образом, появляется еще одно звено между судом и судебным исполнителем.

Первый вопрос к представителю Министерства юстиции.

С какой целью исполнительный документ будет направляться через региональную палату частных судебных исполнителей и какие преимущества при этом будет иметь взыскатель?

Второй вопрос к представителю Республиканской палаты частных судебных исполнителей.

Если в заявлении взыскателя будет указан конкретный частный судебный исполнитель, будет ли исполнительный лист направляться ему для исполнения либо будет распределен для исполнения в автоматическом режиме? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Наталья Виссарионовна.

ПАН Н.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Спасибо, Василий Иванович, за вопрос.

Региональная палата частных судебных исполнителей, также ее статус определены на уровне закона, начиная с контроля за совершаемыми действиями частными судебными исполнителями и распределения исполнительных документов, поступающих из суда, из территориальных органов юстиции.

Бывают случаи, когда приостановлено действие или прекращено действие лицензии частных судебных исполнителей, и с тем, чтобы не

прерывать процесс исполнения защиты прав взыскателя, палата перераспределяет эти дела.

Потом в условиях, когда мы создали систему – Республиканская палата ЧСИ, региональные ее филиалы – с целью координации деятельности ЧСИ и соблюдения ими законодательства, полагаем, что говорить о том, что это лишнее звено, наверное, не приходится, у него есть свои функции и взыскатель здесь будет иметь только плюсы от участия его в исполнительном производстве.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Ибраев Ернар Еркенович – Республиканская палата частных судебных исполнителей. Пожалуйста.

ИБРАЕВ Е.Е. Спасибо за вопрос.

Почему законопроектом предусмотрена еще одна палата? Ввиду того, что ныне действующий ГПК предусматривает направление исполнительных документов судом только в департаменты юстиции, при этом 99 процентов портфеля исполнительных документов находятся у частных судебных исполнителей. То есть, грубо говоря, департаменты превратились в перевалочные базы и на практике между судами и департаментами юстиции возникают трения. Для чего нужен департамент юстиции просто как перевалочная база? Это потеря времени и так далее. Поэтому добавляем звено в филиалы для перераспределения.

Концептуальным звеном закона является право выбора взыскателя судебного исполнителя. То есть у нас функционал с «Төрелік» налажен. Если взыскатель указывает фамилию и данные конкретного частного судебного исполнителя, то оно в автоматическом режиме попадет именно по выбору взыскателя конкретному частному судебному исполнителю.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Бижанова Гүлнар Қадіржанқызына беріледі.

БИЖАНОВА Г.К. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Я все-таки хотела бы вернуться к революционной поправке – статье 15.

Уважаемый Мейрамбек Таймерденович, Вы знаете, что предлагаемая новелла у нас бурно обсуждалась на заседаниях рабочей группы, комитета, круглых столах, и выказываются все-таки опасения, связанные с объективностью работы судей в новых условиях. Такие же опасения высказывают юридические сообщества.

Все-таки поясните, пожалуйста, при предлагаемой новой норме каковы гарантии обеспечения объективности суда в судебном процессе? И как, наш уважаемый спикер уже обратил внимание на необходимость качества подготовительной работы, согласуется позиция, предложенная депутатами в часть 2 статьи 281? Там речь идет об обязательной подготовке протокола при подготовке дела к судебному разбирательству в суде первой инстанции по ходатайству сторон. Ваша позиция. Поясните, пожалуйста, два вопроса. Спасибо.

ТАЙМЕРДЕНОВ М.Т. Спасибо.

Я начну с той позиции, которую предусматривает действующее сегодня законодательство. Сейчас электронный протокол судебного заседания ведется только при главном судебном разбирательстве. В предварительном же судебном заседании, где идет подготовка сторонами, определяется непосредственно судьей в соответствии с действующим законодательством.

Поправку, которую внесли уважаемые депутаты в рабочей группе, мы обсуждали и абсолютно согласны. Если сторонами заявляется такое ходатайство, чтобы протокол велся в предварительном слушании, то на сегодняшний день проблем в удовлетворении данного ходатайства нет. Мы поддерживаем, так как это обязательно и правильно.

Что касается объективности. Я все понимаю. Активность судьи. Мы тоже задаемся вопросом: насколько судья, у которого были связаны руки, будет активным и как эта активность будет проявляться? Мы никогда не убираем и не исключаем институт состязательности. Это во-первых.

Во-вторых, на всех судебных заседаниях стопроцентно ведется аудио,- видеозапись. Она не только для граждан. Судья тоже видит.

Я хотел бы убрать сомнения. Ни судья, ни секретарь судебного заседания ни на районном уровне, ни на областном уровне не может отключить данную запись. Это централизованно. Центральный сервер находится в Верховном Суде. Верховный Суд ведет мониторинг. Спасибо.

ТӨРАҒА. Возвращаясь к протоколу в обязательном порядке. Насколько я понимаю, введение такого протокола в обязательном порядке позволяет нам усилить контроль за объективностью действий судей. Так же?

ТАЙМЕРДЕНОВ М.Т. Да.

ТӨРАҒА. Поэтому, наверное, все-таки предложение депутатов, которое прозвучало, надо до второго чтения изучить, вместе с практиками посмотреть. Надо посмотреть не только с Верховным Судом, но и с другими заинтересованными государственными органами. Если целесообразность есть, то надо внести до второго чтения как обязательную норму. Тем более, как я понял, у Вас возражений нет. Хорошо?

ТАЙМЕРДЕНОВ М.Т. Хорошо, Нурлан Зайруллаевич.

Сөз депутат Смағұлов Асылбек Айжарықұлына беріледі.

СМАҒҰЛОВ А.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Мейрамбек Таймерденұлы! Өзіңіз білесіз, қазіргі кезде тараптардың медиация арқылы татуласуын енгізуге көп көңіл бөлініп келе жатыр.

Азаматтық процестік кодексте істі қарайтын судьяның медиацияны жүзеге асырып, кейін оны басқа судьяға беретіні көзделіп, бұл норма біртіндеп іске асырылып келеді.

Біз қарап жатқан заң жобасында да осы бағытта қадамдар көзделген, яғни онда медиация жүргізетін судья осы істі басқа судьяға берместен әрі қарай өзі қарайтын болады. Осыған орай сұрағым бар.

Бұл жаңалық іс бойынша шешім шығарған кезде судьяның объективті болуына әсер етпей ме? Себебі медиация жүргізген кезде тараптардың

ашқысы келмеген ақпаратын біліп, оны процесс барысында қайсыбір топтың пайдасына қолдануы мүмкін ғой. Рақмет.

ТАЙМЕРДЕНОВ М.Т. Рақмет.

Бұл тұрғыда бір мәселе бар. Сот процесіне дайындық кезінде аудио-бейне жазба мәселесі тек судьяның құзыретімен еді, енді оны тікелей міндеттеп отырмыз. Бұл бір.

Енді екінші мәселе бойынша. Бұл азаматтық істі қарайтын 1700 соттың ішінде өңірлерде екі және үш құранды соттар бар, яғни біреуі медиация іс-әрекетін жүргізсе, екіншісі оны міндетті түрде қарауы керек. Сондықтан бұл заң жобасында біз тікелей көрсетіп отырмыз, мысалы, осы медиациялық тәртіпте істі қараса, болашақта оны қарауға сенім білдірсе, мүмкіндік берсе, тараптар қарсы болмаса, онда ол істі судья қарауға міндетті. Жасыратыны жоқ, жүктемесі аз екі-үш құранды соттардың сондай істерді қарау үшін ұсынылып отырған жоба.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сұлтанов Қуаныш Сұлтанұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Қ.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мейрамбек Таймерденұлы, Сіз сөзіңіздің басында соттардың жүктемесі туралы айттыңыз, соны әрі қарай дамытып, нақтылап айтсаңыз.

Осыдан бір жыл бұрын соттардың жүктемелігі өте көп, миллион іске дейін қаралады деген мәліметтер болған. Қазіргі жағдай қалай? Аудандық соттың судьяларын, қалалық соттың судьяларын, облыстық соттың судьяларын, Жоғары Соттың судьяларын қоса есептегенде жүктемелердің жағдайы қандай? Соны айтыңызшы.

Жер туралы, жер дауына байланысты арыз-шағымдар, соттық істер өсіп келе ме, жоқ, кеміп келе ме? Осы екеуін байланыстырып айтсаңыз. Қанша вакансия бар? Рақмет.

ТАЙМЕРДЕНОВ М.Т. Рақмет, Қуаныш Сұлтанұлы.

Жүктеме жөнінде. Былтырғы жылдың қаңтарында және сәуірінде сіздердің қолдауларыңызбен заң қабылданды. Ең алдымен Азаматтық процестік кодекстің жүктемеге байланысты тарауын біз шешіп алдық. Соған байланысты жүктеме 33 пайызға азайды. Егер 2016 жылы 2,5 миллион іс қаралған болса, 2018 жылы 4,5 миллионға өсті. Егер қаңтар және сәуір айында қаралған Азаматтық процестік кодекске ол енгізілмеген болса, біздің болжамымыз бойынша, 2019 жылды 6 миллионмен аяқтар едік. Былтыр 4,5 миллион болса, қазір 2,9 миллионға түсті, яғни 33 пайызға төмендеді. Бұл бір мәселе.

Енді Сіз айтқан жер мәселесі жөнінде. Ата-бабаларымыз айтып кеткендей, жер дауы мен жесір дауы деген ең қиын, өзекті мәселе. Бұндай істер өндірісте бар, қаралып жатыр. Аудан, облыс көлеміндегі әкімдермен және жер қатынастарына байланысты салалық министрліктермен тікелей жұмыс істеу барысында бұл істер қаралып жатыр.

Жер қатынастарына байланысты Бас прокуратурамен, Әділет министрлігімен, Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге үлкен жиындар өткізіп жатырмыз. Осындай санаттағы істердің азаюына біз де мүдделіміз.

Вакансия мәселесі жөнінде. Бұл мәселе бойынша қазір нақты айтпасам да, бірақ бүгінгі күнде шамамен 12 пайыз деп отырмыз. Бұл бірінші сатыдағы апелляциялық тәртіпте және Жоғарғы Соттың тарапында вакансия бар. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Мейрамбек Таймерденұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің хатшысы депутат Бычкова Светлана Федоровнаға беріледі.

БЫЧКОВА С.Ф. Спасибо.

Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые коллеги! Комитетом по законодательству и судебной-правовой реформе проводится работа по проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан по вопросам внедрения современных форматов работы судов, сокращения излишних судебных процедур и издержек».

Законопроект направлен на продолжение модернизации судебной системы, сокращение излишних судебных процедур и внедрение передовых электронных сервисов.

С учетом того, что докладчиком были подробно освещены все основные положения законопроекта, я остановлюсь на вопросах работы над ним.

При обсуждении законопроекта в рамках рабочей группы депутатами внесены предложения в части норм, предусматривающих активность суда в ходе собирания доказательств и иных действий в гражданском процессе, использования технических средств в судебном заседании, установления годичного срока действия определения суда об обеспечении иска. Также предлагаются поправки в нормы, регламентирующие отвод лиц, участвующих в рассмотрении дела, процессуальные положения переводчика, особенности вынесения решения по делам упрощенного (письменного) производства.

В русле общей направленности законопроекта предложено сокращение сроков направления судебного акта сторонам до трех дней. Внесен ряд иных предложений по содержанию законопроекта.

Кроме того, внесены поправки редакционного, уточняющего характера с целью исключения правовых пробелов, приведения норм законопроекта в соответствие друг с другом и другими законодательными актами.

Всего было проведено 17 заседаний рабочей группы с участием представителей Верховного Суда, Генеральной прокуратуры, Министерства юстиции Республики Казахстан и других уполномоченных государственных органов, а также неправительственных организаций.

Хотелось бы особо отметить, что работа над законопроектом широко освещается средствами массовой информации, его положения неоднократно обсуждались и будут обсуждаться в различных форматах:

21 июня 2019 года основные положения законопроекта были обсуждены в ходе выездного заседания комитета в Мангистауской области с

привлечением судейского корпуса, прокуроров и адвокатов областей западного региона Казахстана;

17 сентября 2019 года состоялась презентация законопроекта с участием ученых, международных экспертов и неправительственных организаций;

во время выездов депутатов комитета в регионы ими были проведены встречи с судьями, адвокатами, нотариусами и частными судебными исполнителями, на которых также обсуждались вопросы законопроекта;

12 февраля текущего года проведено выездное заседание рабочей группы в суд города Нур-Султана, где основные положения законопроекта были обсуждены с судьями всех звеньев на предмет их дальнейшей практической реализации.

Постоянные комитеты Мажилиса Парламента предоставили положительные заключения по законопроекту.

С учетом изложенного комитет предлагает одобрить законопроект в первом чтении. Просим поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Светлана Федоровна.

Енді, құрметті депутаттар, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Махамбетов Мансұрхан Махамбетұлына беріледі.

МАХАМБЕТОВ М.М. Ракмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғау институты азаматтық құқықтық қарым-қатынастың өзара үйлесімді іс-қимылының конституциялық кепілі болып табылады.

«Бай болған жаман емес-ау, бірақ елге бай – құт емес, би – құт», – деп қазақ бекер айтпаған. Себебі билер соты өзінің шынайылығымен тек әділдік пен ақиқаттың айқын көрінісі ретінде қоғам алдындағы беделі мен рөлі жоғары бола білді.

Қандай да дау болмасын дала заңы бойынша бітімгершілік пен келісімнің негізінде қарастырылды. Сондықтан да сот билігінің азаматтық құқықтық қарым-қатынаста дау-дамайларды қарау барысында әділетті болуы маңызды.

Заң жобасының негізгі идеясы – азаматтық процесті жаңаша жандандырылуы болып отыр, яғни судьяның мақсаты дауды қарастыру емес, оңды шешімге қол жеткізу.

Жаңа өздеріңіз баяндамадан естігендей, судьяның процестегі рөлі тұжырымдамалық тұрғыдан өзгеріп отыр. Азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері істі толық және уақтылы қарастыруды қамтамасыз етумен толықтырылған.

Тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы қағидаттарын іске асырудың жаңа тетіктері ұсынылды. Мәселен, қазіргі уақытта сот өз бастамасы бойынша дәлелдемелер жинаудан толығымен босатылған. Ол сонымен қатар азаматтық процесте тараптардың дәлелдерін нақтылауға, істің толық жан-жақты болуына да міндетті емес. Ал бұл аталған мәселелердің барлығы өз кезегінде сот төрелігін әділетті болуына кері әсерін тигізіп қана қоймай және сот билігіне деген сенімді де жоғалтады. Сол себепті жарыспалық

жағдайында судья процеске басшылық жасап, істің мән-жайларын зерттеу барысын бағыттауға, тараптардың ұстанымдарын талқылауға тиіс екендігі жөніндегі заң жобасының ережелері өзекті деп есептеймін.

Егер соттың белсенді рөлін қамтамасыз етіп, ол практика жүзінде іске асырылса, нәтижесінде сот актілерінің сапасы ғана артып қоймай, сот жүктемесін азайтуға да септігін тигізеді, сонымен бірге судьялардың жауапкершілігі де артады деп ойлаймын.

Құрметті әріптестер, жаңа біз баяндамашыға біраз сұрақ қойдық, бірақ соның ішіндегі ең өзекті мәселе судьяның белсенділігі туралы болды. Енді судьяға белсенділік бергенде сот біржақты болып кетпей ме, ол істі қарау барысында өзінің кері әсерін тигізбей ме деген күмәнді сұрақтар болды. Қарастырылып отырған заң жобасында судья белсенділігі деген бар. Судья қарап отырған істің толық объективті болуын басты назарда ұстауы керек, яғни істің барлық мән-жайларын қарап, содан кейін барып өзінің шешімін шығаруы керек. Егер ол іс барысында жан-жақтылығын, объективтілігін қамтамасыз етпесе, онда шешімі заңсыз және сол шешімді шығарған судья жауапкершілікке тартылу қажет деп ойлаймын. Сондықтан заң жобасын қолдауды сұраймын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға көп рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Козлов Евгений Александровичқа беріледі.

КОЗЛОВ Е.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! О том, что модернизация судебной системы необходима, было объявлено в Послании Первого Президента – Елбасы Нурсултана Абишевича Назарбаева 5 октября 2018 года. О необходимости такой модернизации также сказал Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев в своей речи при вступлении в должность Президента 12 июня 2019 года.

Такая работа проводится и одним из законопроектов, направленных на модернизацию судебной системы, является рассматриваемый сегодня проект закона.

Наше время – это век информационных технологий. Электронный формат правосудия – это концептуально новый формат деятельности судов. Виртуализация судов на сегодня реализуется только в передовых странах мира. Хотелось бы отметить, что казахстанские суды идут в ногу со временем.

Так, в судах уже дистанционно, посредством видеоконференцсвязи, осуществляется рассмотрение как гражданских, так и других дел. Успешно действует система «Төрелік».

Законопроектом предусматриваются и дальнейшие шаги в этом направлении. Речь идет о переходе на электронный формат по делам приказного и упрощенного судопроизводства, если нет ходатайства сторон о рассмотрении дела в обычном бумажном формате.

Планируется расширять дистанционное участие в судебном процессе. Теперь гражданин, используя собственные мобильные средства связи, сможет участвовать в судебном заседании, находясь вне здания суда.

Несомненно, что для граждан электронное правосудие упростит и ускорит защиту прав в суде.

Если требование закона о внедрении цифровизации реализуется на практике, то в итоге это будет способствовать прозрачности принятия решений, снижению судебных издержек, что положительно повлияет на качество отправления правосудия.

К положительным моментам также можно отнести то, что законодательно закрепляется ряд моментов, которые ранее регулировались либо нормативным постановлением Верховного Суда, либо просто исходя из сложившейся практики. Это хорошо, но есть моменты, на которые хотелось бы обратить внимание.

Так, проектом закона предлагается такая новелла, как предоставление судье права проводить заседание в порядке заочного производства без составления протокола судебного заседания. На мой взгляд, такое новшество является преждевременным, так как требует тщательной доработки в части синхронизации с другими нормами кодекса.

Полагаю, что у нас будет возможность все возникающие по законопроекту вопросы и предложения тщательно рассмотреть в рабочей группе и принять по ним решение до второго чтения.

Хотелось бы отметить, что данный законопроект я поддерживаю и прошу коллег также поддержать его.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Сұлтанов Қуаныш Сұлтанұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Қ.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі қаралып отырған заң жобасы және әр бапқа енгізілген өзгерістер Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауындағы ең басты мәселе – біздің қоғамның сапасын көтеру үшін, біздің халықтың тұрмыс әлеуетін қалыпқа келтіру үшін ең алдымен адамдардың арасындағы әділдік. Ал ол әділдікті орнататын алдымен сот орындары, сот жүйесі. Сот жүйесі осыған бастамашы болу керек. Адамдар бір-бірін алдамайтын болса, бір-бірінен ұрламайтын болса, тонаушылық болмаса, біздің қоғамда жасалып жатқан қиянаттар, адамдардың бір-біріне қиянат жасап жүрулері тоқтатылатын болса, әрине, әділдік ауаны да жақсы нәтижемен орнатылатын болар еді. Сондықтан бұның жалғыз жолы – сот, сотқа деген сенім. Сотқа қоғамның сенімі, сол арқылы соттың беделі қалыптасады. Бүгінгі көптеген өзгерістер осыған септігін тигізеді деп есептеймін, сондықтан қолдаймын.

Жаңа осында сұрақтарды бекер қойып отырғанымыз жоқ. 6 миллион адамның сотқа жүгінуі, бір жағынан, олар әділдікті тек соттан іздеп отыр деген сөз. Бұл ойланатын мәселе. Екінші жағынан, егер әділдік орнаса, адам сотқа бекерден-бекер жүгінбейді. Соттың бюрократтығы, соттың әділетсіздігі,

соттың адамдарға жасайтын қиянаттары көп орын алады бізде. Адамдар шағым жазып жатыр.

Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның жұмысы бойынша, Нұрлан Зайроллаұлы, мен Сізге ақпарат беріп тұрамын оқта-текте.

ТӨРАҒА. Иә.

СҰЛТАНОВ Қ.С. Кейде соттың қағаздарын бізге жібереді. Соны оқуға ұяласың, судьялар сауатсыз қағаздар жазады, сауатсыз шешімдер шығарады, өздерінде логика жоқ. Содан кейін ол қағаздарды біз прокуратураға жібереміз, прокуратура қайтадан сотқа жібереді. Осындай айналыс кезінде бүкіл қоғамға сенімсіздік артады, адамдар билікке сенбейтін болады. Біз осының аражігін ажыратуымыз керек, мемлекеттік тәртіпті қалыптастыру керек. Мемлекеттік тәртіпті қалыптастыруға тек мемлекеттік қызметкерлер ғана емес, біз, Конституцияда белгіленген атқарушылық билік, Конституцияда белгіленген сот билігі, жай ғана мүдделі емес, осыны ұйымдастыруға және заңдарымызды адамдардың игілігіне, сұранысына икемдеп, сол арқылы ғана қоғамның сапасын көтереміз. Қазір жүргізіліп жатқан сот істері туралы неше түрлі лақап сөздердің өздерін судьялар тоқтатуға мүдделі болу керек, соған нақты жұмыс жасау керек, бюрократтығын қойып, адамдармен адам сияқты жұмыс жасаса, көп жағдайға біз қол жеткізе аламыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында, құрметті әріптестер, бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 103, «жақтағандар» – 103. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс! Құжаттамамен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Мамат Н. Шайыпханов*